

### **Отандық ғылыми кеңесшінің**

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші Абдрахманова Зинат Батырхановнаның диссертациясына берілген

### **ШҚІРІ**

Абдрахманова Зинат Батырхановнаның «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» диссертациялық еңбегі қазіргі таңдағы қоғамдық денсаулықтың өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Докторант ғылыми жұмысында ауыл тұрғындарының арасында еңбекке жарамды жастағы жарақаттанудың деңгейі мен динамикасын бағалап, тұрмыстық жарақаттардың негізгі қатерлі себептерін алдын алуға, сырқаттылыққа және мүгедектікке ұшыраған тұрғындарға бейінді травматологиялық-ортопедиялық медициналық көмекті жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасалып, олардың Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысындағы амбулаторлық-емханалық жүйедегі атқарылу тиімділігі бағаланды.

Диссертациялық еңбекті орындау барысында абсолюттік шама мен салыстырмалы шамаларды талдау және аудару, интенсивті және экстенсивті көрсеткіштерді есептеулерді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Алынған ғылыми нәтижелердің өзара бір тұтастығы жоғары дәрежеде орындалған.

Тұрмыстық жарақаттарға байланысты науқастарды емдеуге кеткен қаржылай және экономикалық шығындардың деңгейін есепке алсақ қазіргі күннің аса өзекті мәселелерінің қатарына жарақаттануды жатқызуға болатындығын көрсетеді. Қоғамдағы экономикалық дағдарыс көріністеріне байланысты тұрғындардың өзіне-өзі қол салуы оқиғаларынан туындаған сырқаттар мен жарақаттарды қазіргі заманның әлемдегі ең ұзақ соғысымен теңестіруге алып келеді. Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар (16-62 жас) арасында жарақаттардан туындайтын сырқаттанушылық, мүгедектік және өлім-жітім оқиғалары өзге әлеуметтік топтарға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Диссертациялық ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдар мен отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың басылымдарында жарық көрген. Ал қол жеткізген нәтижелерге негізделген оқу-әдістемелік құрал емханалық-амбулаторлық ұйым дәрігерлерінің травматологиялық-ортапедиялық көмекті жетілдіруге және алуға бағытталған профилактикалық-емдік шараларына жетік ұйымдастыруға көмектесетіндігіне күмән туғызбайды.

Диссертант Абдрахманова З.Б. 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте ресми түрде қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ  
Жоғары медициналық білімнен кейінгі  
білім беру институтының  
«Профилактикалық медицина және  
стамотологиялық пәндер»  
кафедрасының

М.ғ.д., профессоры

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ  
Жоғары медициналық білімінен  
кейінгі білім беру институты  
**РАСТАЙМЫН**  
**ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ**

*А. Садыр*



Булешов М.А.